
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ ACTUAL PROBLEMS OF PHILOLOGY

ӘОЖ 821

Ү.Жетібайұлы¹, Ж.Смағұлов²

¹ШУАР Іле педагогикалық университеті, Қытай;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Jandosmagulov@mail.ru)

Ежелгі түркі бітіктас жырларындағы поэтикалық сөз өнері

Мақалада ежелгі түркі бітіктас жырларындағы поэтикалық сөз өнерінің бодмысын зерттеу басты нысан етіп алынған. Авторлар жыр мәтіндеріндегі лексикалық бірліктер мен сөз құбылту амалдарының әдеби көркем әлем жасаудағы көрінісін, поэтикалық қызметін тілге тиек етті. Сол арқылы ежелгі түркі бітіктас жырларындағы сөз өнерінің көркемдік сипатын, поэтикалық ой мен сезімнің дәл де образды түрде берілуіне салыстырмалық тұрғыда талдаулар жасады. Сонымен қатар олар көне түркі жазба ескерткіштерін қазіргі таңдағы жаңа ғылыми бағытта зерттеп, әдеби-теориялық тұрғыдағы мәтінтану саласындағы лексикалық бірліктер мен образдылықты нақты берген.

Кілт сөздер: түркі бітіктас жырлары, сөз өнері, лексикалық бірліктер, көркемдік сипат, образдылық.

Ежелгі түркі бітіктас жырлар кітаби жазба әдебиет тарихымызда, ежелгі түрік бітік жазуымен бірінші болып хатқа түскен, классикалық үлгідегі көркем шығармалар деп қаралады. Демек, бұл жырлар әдеби көркем туынды ретінде, біріншіден, бай мазмұны; екіншіден, жанр поэтикасының көркемдігі; үшіншіден, поэтикалық сөз өнері арқылы өзінің көркемдік-эстетикалық құнын қазірге дейін жоғалтпай келеді. Нақтылап айтсақ, бұл жырлар тұтас бір дәуірді түгел қамтыған аса күрделі тарихи оқиғалар мен тарихи шындықты, сол дәуірде өмір сүрген тарихи тұлғалардың елдің елдігін сақтап, құлаған шаңырағын қайта көтеру жолындағы жанкешті жорықтары мен өшпес еңбектерін, қысқасы, сол дәуірдің көкейкесті зәрулігінен туған ең ұлы талаптары мен ең ұлы мақсаттарын жырдың мазмұндық арқауы етіп алады да, асқан шеберлікпен қиыстырылған композициясына, барынша ұтымды ширатылған сюжетіне сығымдай сыйғызады, қайталанбас айшықты образдар сомдайды әрі оны көркем де суретті тілмен тас кітаптардың бетіне әсемдей ойып өрнектейді. Сөйтіп, бұл жырлар шоғыры ежелгі ата-бабаларымыздың қасиетті де қаһармандық рухын асқақтата, күніренте жырлаған мәңгілік симфония сипатында дәуірден дәуірді көктей өтіп, бізге жетіп отыр.

Көркем шығарма — көрікті ойдың көрінісі болса, көркем сөз — көрікті ойды реалдыққа айналдырудың бірден-бір құралы. Демек, әдебиет — ең алдымен, сөз өнері. «Сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек һәм биік» болады [1; 25]. Тілі нашар шығарма ойы қаншалық көркем, құрылысы қаншалық шымыр болса да, ешқашан жақсы шығарма ретінде танылып, адамдардың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жете бермейді. Сондықтан, көркем сөз — әдебиеттану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі деп қаралады. Осы тұрғыдан қарағанда, ежелгі түркі бітіктас жырлары өзінің қиыннан қиыстырған сара сөзі, мөлдір де көркем тілі арқылы аса биік көркемдік-эстетикалық өреге көтеріле алған. Біз бұл мақаламызда ежелгі түркі бітіктас жырларындағы осынау поэтикалық сөз өнеріне, яғни терең ой, нәзік сезімді дәл де ықшамды, сұлу да образды етіп баяндауы мен суреттеуіндегі шынайы шеберлікке талдау жасап, оның ішкі сырын ашып көрсетуге құлшынамыз.

1. *Ежелгі түркі бітіктас жырларындағы сөз құдіреті.* Ежелгі түркі бітіктас жырлары, біріншіден, лексикалық бірліктерді, яғни күнделік өмірде қолданылып жүрген қарапайым сөздер мен бейнелі фразеологиялық тіркестерді — сөз өнерінің құрылыс материалы ретінде танып, шығарманың тақырып өрісіне, жанрлық сипатына қарай оның барлық мүмкіндіктерін толық ашып пайдалануға, оны әсемдік әлем үшін қызмет етуге, қолданған сөздері мен фразеологиялық тіркестерінің түсінігі жеңіл, мағынасы дәл де айқын, әркелкілік пен ала-құлалығы жоқ болуына баса назар аударады [2; 45]. Көбінде, қарапайым сөздер мен фразеологиялық тіркестердің табиғи ажарынан, әсем түйін түйіп, көркем сурет сызады да, ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі арқылы тұтас жырға сарқылмас қуат береді.

Түркі бітіктас жырлары поэтикалық ой мен сезімді дәл де образды етіп жеткізуде, ең әуелі, күнделік өмірде қолданылып жүрген жалпы халықтық сипаттағы жай сөздерге иек артады. Ол сөз сұлулығы, оның қарапайымдылығы мен табиғилығында болатындығын асқан сезімталдықпен танып-біліп, көбінде әр сөзді ешқандай бояуы жоқ, тап-таза күйінде дәл де үйлесімді етіп қолданауға, оның табиғи ажарынан адам санасына ерекше ықпал жасап, сезімінде күшті әсер туғызатын сөз образын, жыр кестесін кескіндеуге ұмтылады. Мысалы, «Күлтегін құлпытасындағы» ата-бабаның ұлы еңбектеріне арналған тарихи жыр былай басталады: «Үстіде көк тәңірі, астыда қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралыпты. Адам баласын билеуге ата-бабам Бумын қаған, Естеми қаған отырыпты. (Олар) тақта отырып, түрік халқының елін құрып, заңын түзіпті (üzä kök täñri asra yaüiz yir qilintuqda, äkin ara kiši öyli qilinmiş. Kiši oylinta üzä äçüm aram bumın qağan ištämi qağan olurmış. Olurıpan türk bodunıñ ilin tör(üs)in tuta birmiş, iti birmiş)».

Көріп отырғанымыздай, бұл мысалдағы әр сөз өзінің тура мағынасында, дағдылы тіркесімділік қасиетіне қарай бір-біріне сәуле түсіре басы бірігіп, аяқталған көркем ойды білдіретін бірнеше сөйлемге айналады да сабақтаса, үндесе келіп, бүкіл жыр бойындағы келелі маңызы бар бір мазмұнның пердесін ашады. Онда, ең әуелі, баяғы, бағзы замандардың мифтік көркем түсінігін, түркілердің әлем жаралуы жайлы танымын түп-тұнық күйінде әсемдей кестелесе, одан ары барлық жақсылық жалғыз жаратушы тәңірден келеді дейтін шамандық нанымға сай, ата-бабаларының тәңірдің шапағатынан жаралған, табиғатынан ақылды да парасатты, киелі де текті адамдар болғандығы себепті, билікке, таққа отырғаны мезгей баяндалады. Ал соңғы тармақ, баяндалып отырған ойдың нәтижесі есебінде, ата-бабаларының алғашқы Түрік қағанатын құрып, заңын түзген, біліктілікпен ел билеген ұлы еңбектерін асқақтата жырлайды. Сөйтіп, ой-сезімді соншалық табиғи, соншалық әсерлі әрі дәл де жинақы етіп жеткізіп береді. Адамды баяғы замандардың бұлдыр да бұлдыр тұңғиығына, ежелгі түркі дәуірінің шежірелі шындығына бастап барады. Ежелгі түркі бітіктас жырларында бұл сияқты сөз суреттер молынан кездеседі.

Қала берсе, түркі бітіктас жырлары баяғы замандардан келе жатқан, айырықша айшығымен, образды бейнесімен даралана көзге түсетін, жалпы халықтық сипаттағы, ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған, бейнелі фразеологиялық тіркестерді сөз өнеріндегі ерекше құрылыс материалы ретінде танып, оны ұғым мен түсініктерді атап көрсетеумен бірге, оларды суреттей, образды да әсерлі етіп жеткізетін поэтикалық құрал ретінде пайдаланады. Сөйтіп, тамаша поэтикалық көркемдікке қол жеткізеді. Мысалы: «(Ол кезде) төңіректің төрт бұрышы түгел жау еді. (tört buluñ qor yaüi ärmis)» бұл сөйлемдегі «төңіректің төрт бұрышы (tört buluñ)» дейтін тіркес «айнала, жан-жақ» ұғымын білдірумен бірге, ата-бабаларымыздың «дүние төрт бұрыш болады» деп қараған бағызы мифтік-дүниетанымдық түсінігі негізінде, түрік қағандығы дөп келіп отырған ауыр да қатал тарихи жағдайды дәл де әсерлі етіп жеткізіп береді. Ал «түрік халқының аяғынан әл кетіп, жағдай нашарлаған еді. (türk bodun adaq qamşatdı, yablaq boltaçı ärti)» дейтін сөйлемде «аяғынан әл кету (adaq qamşatdı)» тіркесі «күш-жігері таусылды, қалжырады» ұғымын білдіре отырып, бөлшектің сапасында туылған өзгерісті бүтіннің сапасына ауыстыра жұмсау арқылы толассыз жорықтар салдарынан қажыған, жауынгерлік рухы әлсіреген түрік халқының хал-жайы дәл де нақты етіп бейнеленеді. «Көзім көрмеген, құлағым естімеген халықтарды ... қондырдым. (közün körmädük, qulqaqın äšidmädük bodunum..... qonturtum)» бұл сөйлемде «көз көріп, құлақ естімеген (köz körmädük, qulqaq äšidmädük)» тіркесі «бөтен, танымайтын» дейтін ұғымды білдірумен бірге, көру, есту мүшелерінде сол белгінің жоқтығын суреттей көрсету негізінде, түрік қағандығының іргесі кеңіп, аз халық көп болған бейнесі суреткерлікпен кестеленеді. Ал «он қараңғы түнде (жеті қараңғы түнде), тау етегіндегі қарауылдан айналып өттік. (on tünkä yantaqı tuñ äbirü bardimiz)» сөйлемінде «он қараңғы түнде (жеті қараңғы түнде) (on tünkä)» тіркесі «түн ортасында, беймезгіл уақытта» дейтін ұғымды білдірумен бірге, ежелгі түркілердің дәстүрлі мезгіл өлшеміне сүйене отырып, жасырын да суыт жорықтың бір көрінісін көркемдей

суреттейді. «Түн қаттық, Полчұға таң ата жеттік. (tün qatdīmiz. bolčuqa tañ üntürü tägdimiz)» дейтін сөйлемде «түн қаттық (tün qatdīmiz)» тіркесі «дамыл таппау, күн демей, түн демей жүру» дейтін ұғымды білдіре отырып, азапты да ауыр жорықтың күнге түнді қосқандай (шайға сүт қатқандай) жалғасып отырғанын образдай бейнелейді. Демек, бұл мысалдардан біз ежелгі түркі бітіктас жырларының фразеологиялық тіркестерді бастапқы тұлғасында, алғашқы ажарында, бойына жасырған барлық қосымша бояуларын ақтара, қолданудағы халықтық дағдылы дәстүрді сақтай отырып, көрікті ойды аз сөзбен түйіндей, образдай жеткізе білген поэтикалық шеберлігін көре аламыз.

Десе де, ежелгі түркі бітіктас жырлары бұнымен шектеліп қалмаған. Ол кітаби жазба сөз өнері ретінде поэтикалық ой мен сезімнің қажетіне, поэзиялық ішкі ұйқасқа, ырғақ пен лебездің сабақтастығына қарай, байырғы фразеологиялық тіркестердің ой өрнегін құбылтып, қиыннан қиыстыра жасаған, соны тіркестерді молынан кездестіреміз. Атап айтсақ, халықтық фразеологиялық тіркестердің жасалу механизмін, яғни құрылымдық моделін (мысалы, қолдан билік, бастан бақ; басқа шауып, төске өрлеу т.б.), сақтай отырып, мазмұны нақты, құрылымы шағын, бейнелі бояуы күшті контекстік фразеологизмдер жасаған. Тыңнан жасалған бұл бейнелі тіркестер көбінде жырлар шоғыры басты объекті етіп алған — сол дәуірдің тарихи шындығы, ел тағдыры, елдің елдігі, жаугершілік тақырыбына қатысты бірыңғай параллель тіркестер болып келді. Олардың бастылары мыналар: *сөзі тәтті, жібегі жұмсақ* (sabī sücig, aүйsі yімsаq), *нағыз білгір кісіні, шынайы батыр адамды* (ädgü bilgä kişig, ädgü alp kişig yorıtmz), *елі барын елсіретінті, қағаны барды қағансыратынты* (illigig ilsirätmiş, qağanlıyü qağansirätmiş), *басы барын бас ұрғызынты, тізелісін шөктіріпті* (başlıyü yüküntürmiş, tizligig söküirmiş), *текті ұлдары құл болынты, пәк қыздары күң болынты* (bäglig urı oylın qul boltı, silik qız oylın küñ boltı), *кедейді бай қылды, азды көп қылды* (сйуаһйү bay qiltı, azıy üküş qiltı), *үстіндегі тәңірі құламаса, астыдағы жер жарылмаса* (üzä täñri basmasar, asra yir tälinmäsär), *қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты* (qanıñ subča yügürti, söñükün taусa yatdı), *iui ассыз, сырты тонсыз* (içrä ässiz, taşra tonsiz), *түңде ұйықтамадым, күндіз отырмадым* (tün udımadım, күntüz olurmadım), *жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым* (yalañ bodunıy tonlıy, сйуаһ bodunıy bay qiltım), *құдіретті елі бар, айбарлы қағаны бар* (ıyар älligdä ıyар qağanlıda), *аты арық, азығы жоқ* (atı toruу, azuqı yoq), *сары алтын, ақ күміс* (sarıy altun, ügün күmüš), *қызыл қаным төгілді, қара терім ақты* (qizil qanıм töküti, qara tärim yügürti) т. б.

Екіншіден, ежелгі түркі бітіктас жырлары сөз бен сөз арасындағы алуан түрлі мағыналық қатынастың сөз өнеріндегі ролін жете танып, оны объективті заттар мен құбылыстар арасындағы қайшылықты, қарсылықты қатынастарды ашып көрсетуге, айтпақ ойға поэтикалық өң беруге немесе сөздер арасындағы мағыналық жуықтық, мәндестіктен пайдаланып, оларды үстемелей еселеп, қабаттап, қатар қолдану арқылы ой мен сезімге айырықша әсер дарытып, оны барынша көрнектілендіре көрсетуге қызмет етеді. Демек, ежелгі түркі бітіктас жырларында сөз бен сөз арасындағы мағыналық қатынастың екі түрі, яғни антонимдік қарама-қарсылық пен синонимдік мәндестіктің, барынша ұтымды қолданылғаны ерекше көзге түседі. Әуелі сөз бен сөз арасындағы антонимдік қарсылықты, қайшылықты қатынастың бітіктас жырларындағы қолданылу шеберлігіне назар аударайық: «Түрік халқы ... аштық, тоқтық дегенді ойламайсыңдар. (türk bodun,..... açsıq tosıq ömäs sän.)» Бұл сөйлемде, «аштық, тоқтық (tosıq, açsıq)» сөздерінің мағынасындағы сапалық, мәндік қарама-қарсылық қатар қойып жарыстыра баяндалу арқылы түрік халқының мінезіндегі бейғамдық, салғырттық, бойкүйездік кінәраттар ашып көрсетіле отырып, оған күңірене күйзелген, одан аулақ болуды шегелеп тұрып тапсырған күшті лебіз, образдық өң үстеледі. Ал «кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. (сйуаһ bodunıy bay qiltım, az bodunıy üküş qiltım)» деген сөйлем мен «сонша құлшынып біріктірген халықты, от пен судай қылмадым. (anča qazyanıp biriki bodunıy ot sub qılmadı)» дейтін сөйлемде «кедей мен бай, аз бен көп (сйуаһ män bay, az bän üküş)», сөздерінің мағынасындағы сапалық, мөлшерлік қарама-қарсылық пен «от пен су (ot pän sub)» сөздерінің мағынасындағы бір-бірімен мүлде отаса алмайтын мәндік қарама-қарсылық қатар қойып жарыстыра баяндалу арқылы, Білге қағанның елді баяшат өмірге жеткізіп, оны өркендетіп-өсірген, тату да тәтті, берекелі де бірлікті етіп билеген ұлы еңбектері, жан сыры айшықтай жырланады. Ал «бұл сөзді естіп, түн ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді. (ol sabıy äsidip tün udısıqım kälmädi. күntüz olursıqım kälmädi)» деген сөйлемде қатар қойып жарыстыра баяндалған «күн, түн (kün, tün)» сөздерінің мағынасындағы мезгілдік қарама-қарсылық, Түнюқұқтың барлаушылар әкелген суық хабарды естігеннен кейінгі күпті де толғанысты көңіл-күйін, жан дүниесінің алпарысты кейіпін айырықша әсерлі етіп жекізеді. Ежелгі түркі бітіктас жырларында жарыстыра, жарастыра қолданылған антонимдік параллельдер бұнымен бітпейді, жырлар шоғыры бойынан асқан шеберлікпен ұтымды

қолданылған басқа да антонимдік қатарлар кездеседі. Олар *үстиде* (*üzä*) — *астыда* (*asra*), *жаман* (*yablaq*) — *жақсы* (*ädgü*), *иші* (*içi*) — *сырты* (*taşı*), *құл* (*qul*) — *құң* (*kün*), *арық* (*turuq*) — *семіз* (*sämiz*), *жұқа* (*yuuqa*) — *қалың* (*qalın*), *жіңішке* (*yinçgä*) — *жуан* (*yoğun*) т. б.

Тағы, бір жағынан, ежелгі түркі бітіктас жырлары сөз бен сөздің мағыналары арасында жуықтық, мәндестік болатын, бірақ нәзік парықтары сақталып отыратын қасиетін барынша ұтымды пайдаланып, оларды үстемелей еселеп, қабаттап, қатар қолдану арқылы ой-сезімді барынша күшейтіп, ұлғайтып көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, «Күлтегін құлпытасындағы» үндеу-өсиет жырында түркі халқының астамдығы, алдап-арбауға көнгіштігі себепті, өздерін асырап отырған қағанын, елін тастап, сергелден болып сенделген, бөтен, бөгде елде азып-тозып тентіреген бейнесі «ол жерде көп алқындындар, арыдындар (*qor anta alqintıy, ariltıy*)» деп суреттеледі. Сөйтіп, еселеп, бір-біріне үстемелей, қатар қолданылған «алқыну, ару (*alqintıy, ariltıy*)» сөздерінің мағынасындағы мәндестік жақындық пен олар арасындағы нәзік парықтар ой мен сезімді түрлі қырынан толықтап, сатылай екпіндетіп жеткізумен бірге, жырға ерекше күш беріп, сезімге айырықша әсер дарытады. Ал осы үндеу-өсиет жырында, үндеу-өсиеттің кімге арналғаны, оны қалай қабылдауы керектігі: «Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді жақсылап естіп, мұқият тыңдаңдар! (*toquz oғuz bəgləri bodunı bu sabimın ädgüti äšid, qatıyđi tıñla!*)» дейтін жыр жолы арқылы беріледі. Онда мәндес (синоним) сөздерді түйдектей тіркестіруден жасалған «жақсылап естіп, мұқият (қатты) тыңдаңдар! (*ädgüti äšid, qatıyđi tıñla!*)» дейтін эпитетті екі параллель тіркес бар. Бұл мәндес эпитетті тіркестердің бір-біріне үстемелей, еселей қатар қолданылуы ой мен сезімге назар аударту, бұлжытпай солай істеуді бұйыру лебін, тіпті де күшейтіп, сатылап салмақтандырып, зілдендіре түседі.

2. *Сөз көркіне көрік берудегі дәлдік пен шеберлік.* Ежелгі түркі бітіктас жырлары құнарлы ойды құнды етіп жеткізуде сөз ажарындағы табиғи сұлулықты орнын тауып ойната қолданумен бірге, сөз ажарына ажар қосып, көркіне көрік беретін көркемдеу тәсілдерін де барынша сәтті пайдаланады. Оны дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа қызмет етеді. Десе де, жырлар шоғырында үйіп-төгіп, жасанды жолмен жарқырата қолданған ажарлау, айшықтау, құбылтулар кездеспейді. Тек дәл айтылар сәтте, ой мен сезім көркемдеп, көріктендіре жеткізуді қажет еткен тұста ұтымды тәсілді қолданып, ойып алғандай образды орам жасайды. Сөйтіп, ой мен сезім айқын да айшықты етіп жеткізіледі. Ежелгі түркі бітіктас жырларында тақырып пен мазмұнға тілін сай ете ұсыну мақсатымен талдай, саралай шеберлікпен қолданылған көркемдеу тәсілдерінің негізгілері мыналар:

Эпитет. Ежелгі түркі бітіктас жырлары сөздердің бір-біріне сәуле түсіре айқындаушы-айқындалушы қатынаста тіркесуі, сөз өнеріндегі сұлулықты, тіпті де ажарландырып, зат пен құбылыстың мәндік қасиеттері мен сапалық ерекше белгілерін айқындап, нақтылап көрсететін, әсерлі көркем бейнеге айналдырып, көз алдыға елестете алатын қасиетін шынайы ұғып-біліп, оны нақтылы тілдік ортада шеберлікпен қолданады. Жырлар шоғырында қолданылған бұл сияқты сөз көркіне көрік беріп, сөз образ жасайтын эпитеттер көбінде тұрақты эпитеттер мен жай эпитеттер болып келеді. Олар бірде айқындалатын сөзін әр қырынан танытып, әр түрлі сипаты тұрғысынан айқындап, образды бейне жасаса, мысалы: *кедей халық* (*çıyañ bodun*), *аз халық* (*az bodun*), *елді халық* (*illig bodun*), *қағанды халық* (*qağanlıy bodun*), *қара халық* (*qara bodun*), *жалаңаш халық* (*yalañ bodun*), *өлімші халық* (*öltäçi bodun*); *дана қаған* (*bilgä qağan*), *алып қаған* (*alp qağan*), *біліксіз қаған* (*bilgisiz qağan*), *әйгілі қаған* (*külig qağan*), *айбынды қаған* (*ıyār qağan*); *білгір кісі* (*bilgä kişig*), *жаман кісі* (*yablaq kişi*), *алып кісі* (*alp kişig*); *жаман сый* (*yablaq auy*), *жақсы сый* (*ädgü auy*); *тәтті сөз* (*süçig sab*), *жақсы сөз* (*ädgü sab*); *алып ер* (*alp är*), *аз ер* (*az är*); *саңлақ ат* (*ädgü at*), *боз ат* (*boz at*) қатарлылар. Ал енді бірде айқындалатын сөзін бір ғана сипаты тұрғысынан ажарлап, образдай көрсетеді. Оларға *көк тәңірі* (*kök täñri*), *қара жер* (*yaüz yir*), *жұмсақ жібек* (*yımsaq auy*), *жаман ниет* (*añıy bilig*), *айбынды кесене* (*adınçıy barq*), *мәңгі тас* (*bäñgü taş*), *көк түрік* (*kök türk*), *текті ұл* (*urı oylı*), *пәк қыз* (*şilik qız*), *киелі жер-су* (*ıduq yiri sub*), *жасыл өзен* (*yaşıl ügüz*), *ауыр қол* (*uluuy sü*), *ұлы соғыс* (*uluuy süñüş*), *маңызды заң* (*ayır tögüg*), *құдіретті ел* (*ıyār il*), *сүңгі* (найза), *бойы қар* (*qar süñü batımı*), *жаяу жасақ* (*yadauy sü*), *үлкен ұл* (*uluuy oyl*), *қара бұлғын* (*qara kişin*), *көк тиын* (*kök täyän*), *ауыр тас* (*ayır taş*), *жуан ағаш* (*yoğan iy*), *сары алтын* (*sarıy altun*), *ақ күміс* (*ürün kümüş*), *қызыл қан* (*qızıl qan*), *қара тер* (*qara tär*), *жарақты жау* (*yağıqlıy yauy*) қатарлы эпитеттер жатады.

Теңеу. Ежелгі түркі бітіктас жырлары заттың, құбылыстың ерекше белгілерін, мәндік қасиеттерін нақтылап айтып, айшықтап көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра, ұқсата суреттеу арқылы да әсерлі бейне, көркем образ жасайды. Сөйтіп, «адамның ой мен сезімге болған түсінігін айқындай, оған болған танымын тереңдете түсумен бірге, жырдың баурау қуатын күшейтіп, эстетикалық құнын арттыра түседі» [3; 55]. Ежелгі түркі бітіктас жырларында теңеу мынадай екі түрлі жолмен жасалады:

Бұның бірі, түбір немесе негіз сөзге «-тег (-täg)» жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Тәңірдей көкпен жаралған (мен) түріктің Білге қағаны бұл кезде (таққа) отырдым* (täñri täg täñridä bolmiş bolmä türk belgä qağan, bu ödkä olurtım); *Содан кейін інісі ағасындай болмады, ұлы әкесіндей болмады* (anta kisrä inisi äçisintäg qilïnmaduq ärinç, oylı qañintäg qilïnmaduq ärinç); *Тәңір қуш-қуат бергені үшін әкем қағанның жасақтары бөрідей еді, жаулары қойдай еді* (täñri küç birtük ücün qañim qağan süsi böri täg ärmis, yaüisi qoñ täg ärmis); *Көпер көзім көрместей болды, білер білігім білместей (ес-ақылдан адасқандай) болды* (körür közüm körmäz täg, bilir biligim bilmäz täg boltı); *Төңірегіміздегі жауымыз жыртқыш құстай (көп) еді. Біз аңдай (жемтіктей) едік* (yaüimiz tägrä uçuq täg ärti. biz añ täg ärtimiz); *Аң ауласа, құмайдай еді* (ab ablasar ärmälä täg ärti) т. б. Бұл мысалдардағы *тәңірдей* (täñri täg), *ағасындай* (äçisintäg), *әкесіндей* (qañintäg), *бөрідей* (böri täg), *қойдай* (qoñ täg), *көрместей* (körmäz täg), *білместей* (bilmäz täg), *құстай* (uçuq täg), *аңдай* (añ täg), *құмайдай* (ärmälä täg) теңеулері осы тәсіл арқылы жасалған.

Енді бірі, түбір немесе негіз сөзге «-ша/-ше (-çä/-çä)» жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Түркеш қағанының жасақтары отиша, бораниша (екпінмен) келді* (türğis qağan süsi otça borça kälti); *(Олар) өртше қызып келді (өрттей лап қойды)* (örtçä qizip kälti) т. б. бұл мысалдардағы *отиша* (otça), *бораниша* (borça), *өртше* (örtçä) теңеулері осы тәсіл арқылы жасалған. Осындағы қай тәсілмен жасалған, қай теңеуді алсақ та, суреттеліп отырған өмір шындығын, болмыс бейнесін тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл де нақты ұғым-сурет қалыптастырады.

Ауыстру (метонимия). Ежелгі түркі бітіктас жырлары тектес заттар мен себептес құбылыстар, ұғымдар мен түсініктер арасында болатын белгілі ішкі байланыстардан ұтымды пайдалана отырып, бір заттың атауын екінші заттың атауының орнына алмастыра қолдану арқылы да көркем көрініс жасап, тамаша сурет сызады. Мысалы: *«Ағам қағанмен бірге алғы жақта (шығыста) Жасыл өзенге, Шандоң жазығына дейін шеру тарттық, артқы жақта, (батыста) Темір қақпаға дейін шеру тарттық* (äçim qağan birlä ilgärü yaşil ügüz, şanduñ yazıça tägi sülädimiz, qurıyaru tämir qarıyqa tägi sülädimiz)» дейтін сөйлемде «*алғы жақта* (ilgärü)» сөзі «*күн толатын жерге* (kün toıyıqqa)», яғни, «шығысқа» сөзінің орнына алмастыра қолданылған да, ал «*артқы жақта* (qurıyaru)» сөзі «*күн бататын жерге* (kün batsırıña)», яғни «батыста» сөзінің орнына алмастыра қолданылған. Жырдың бұл тармағында жай ғана сөз ықшамдылығы үшін ауыстыру тәсілі қолданылып отырған жоқ. «Онда ежелгі түркілердің төрт құбыланы түгел киелі деп қарайтын нанымдық салт-дәстүрі негізінде мәдени өң арқалаған әсерлі образ жасау басты мақсат етілген» [4; 154]. Ал «*(жал-құйрығы) түйілген аттарды (түрк жерінде) шапқыздадым* (tögönlig atıy yügürtmädim)» деген сөйлемде «*(жал-құйрығы) түйілген ат* (tögönlig atıy)» тіркесі «*қарулы жау*» дейтін ұғымның орнына, «*салықтың тамағы тоқ еді* (bodun boızi toq ärti)» дейтін сөйлемде адамның дене мүшесін көрсететін «*тамақ* (boız)» сөзі «*ішер ас*» деген ұғымның орнына, «*қанымым жоқ (қайтыс) болды* (qatun yoq bolmiş ärt)» деген сөйлемде «*жоқ болды*» тіркесі «*өлді*» дейтін ұғымның орнына алмастырылған. Бұлайша сөздер арасындағы бегілі байланыстан пайдалана отырып, шартты түрде әдейі алмастыру, жырлар шоғырындағы сөздердің көркін тіпті де көріктендіріп, ой мен сезімді образдай бейнелеуге тамаша мүмкіндік берген.

Ежелгі түркі бітіктас жырларында сирек болса да кекесін (ирония) да кездеседі. Жырлар шоғырының тарихи тұлға жайлы батырлық-ерлік жыр бөліміндегі Білге қағанның еліне, халқына арнаған арнау жырында мынадай шумақ бар: *«Барған жерден тапқан жақсылығың мынау: қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты. Текті ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды* (bardq yirdä ädgüg ol ärinç: qanıñ subça yügürti, söñüküñ tauça yatdı, bägilik urı oylıñ qul boltı, silik qiz oylıñ küñ boltı)». Осындағы «*барған жерден тапқан жақсылығың мынау* (bardq yirdä ädgüg ol ärinç)» деген тармақтағы «*жақсылық* (ädgüg)» сөзінің сырты сыпайы болған мен ішкі астарында кекесін, ауыр мысқыл бар. «*Қаны судай ақса, сүйегі таудай болып жатса, текті ұлдары құл болса, пәк қыздары күң болса*» оның несі жақсылық. Демек, бір ғана сөзбен ежелгі түркілердің алдау-арбауға сеніп, елін, жерін тастап бөтен, бөгде елге ауып кеткен, онда сергелдең болып сенделген ауыр халіне ащы мысқыл айтады, әсем де әсерлі сөз образ жасайды.

Әсірелеу мен қайталу. Ежелгі түркі бітіктас жырларында суреттеліп отырған өмір шындығын, жеткізбек болған ой мен сезімді әдейі өсіре немесе өшіре жырлау арқылды да шығарманың көркіне көрік беріп, оның баурау, көңілге ұялату қуатын барынша күшейте түседі. Сөйтіп, батырлық-эпостық сарындағы өзгеше өрнек өріледі. Десе де, ол өмір шындығын ақылға сыймайтын қиял-ғажайып құбылысқа айналдырып, оқыс әсер туғызуда бой ұрмайды. Қайта оны шынайы өмірді образды бейнелеуге қызмет етеді. Мысалы: «*Елі барды елсіретіпті, қағаны барды қағансыратыпты, жауын бой-*

сындырыпты, тізеліні шөктіріпті, басытыны жүгіндіріпті (illigig ilsirätmiš, qağanlıyū qağansiratmiš, yaūyū baz qilmış, tizligig sökürmış, başlıyū yūküntürmiš)». Бұл сөйлемде алдыңғы ой-пікірден соңғы ой-пікірді, алдыңғы лебіден кейінгі лебіді, алдыңғы құбылыстан кейінгі құбылысты асыра, екпіндете, түрлі қырынан бірнеше еселей үдете суреттеу арқылы ерлік, батырлық рух шығандата, асқақтата жырланған. Ал «қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты. Текті ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды (qanīñ subca yügürti, söñükün taūca yatdı, bāgılık urı oylıñ qul boltı, silik qız oylıñ küñ boltı)» дейтін сөйлемде ой мен пікір, сезім мен лебіз құлдырата кішірейтіліп, барған сайын апшысы қуырылып, өмір шындығы жан шошырлықтай сүркейлі етіп суреттеледі. Жырдағы өсіре ұлғайта суреттеу болсын немесе өшіре кішірейте суреттеу болсын, бәрі де жырдың поэтикалық әсерін, ойға терең ұялату қуатын барынша күшейте түскен.

Назар аударатыны, ежелгі түркі бітіктас жырларында бұл сияқты ерекше мән бере ұлғайта немесе кішірейте жырлап отырған ой мен сезімді тіпті де айшықтай, оған айырықша назар аударта суреттеу үшін әсірелеу мен қайталауды қабаттай қолданады да жырдың әсерлілігі мен әсемдігін еселеп күшейтеді. Бұндай әсірелей қайталаулар көбінесе тұтас жырлар шоғырының құрылысындағы белгі бір мазмұндық бөлім ішінде жеке сөздердің, тіркестердің немесе ыңғайлас сөйлемдердің қайталануы түрінде кездеседі де, егіздей немесе сатылай параллель құрылымдар түзеді [5; 39]. Мысалы, жырлар шоғырының үндеу-өсиетнама бөлімінде «Ілгеріде (шығыста) онда (оңтүстікте) арт жақта (батыста) сол жақта (солтүстікте)..... » түріндегі параллельдік құрылым былайша екі рет қайталауы:

«Ілгеріде (шығыста) күн шығатын жерге дейін, онда (оңтүстікте) күн түстігіне дейін, артта (батыста) күн бататын жерге дейін, солда (солтүстікте) түн ортасына дейін созылған аралықтағы бар халық маған қарайды, осынша халықтың басын қостым (ilgärü күн toysıq(q) a, birgärü күн ortusınaru, qurıyaru күн batsipıña, yırıyaru түн ortusınaru, anta içräki bodun, qor m(a)ña körür, bunč)a bodun qor itdim.»

«Ілгеріде (шығыста) Шандоң жазығына дейін шеру тарттым, мұхитқа сәл жетпедім. Онда (оңтүстікте) Тоғыз ерсенге дейін қол бастадым, Тибетке сәл жетпедім, арт жақта (батыста) Инчу өзенін кешіп өтіп, Темір қақпаға дейін шеру тарттым. Сол жақта (солтүстікте) иер Байырқу жеріне дейін қол бастадым. Сонша (көп) жерге жорыттым. (Бірақ) Өтукен тауындай жайлі жер жоқ екен. (ilgärü šanduñ yazıqqa tägi sülädim, taluyqa kičig tägmädim, birgärü toquz ärsinkä tägi sülädim, tüpütkä kičig tägmädim, qurıyaru yincü ög(üz) kăcä tämir qarıyqa tägi sülädim, yırıyaru yir bayırqu yiriñä tägi sülädim. bunča yirkä tägi yorıtdım. ötükan yışda yig idi yoq ärmiš)».

Ежелгі түркі бітіктас жырларында бұл сияқты жүйелі, мерзімді, мөлшерлі әсірелей қайталаулар едәуір мол болып, ол суреттеліп отырған өмір шындығына, жеткізбек болған ой мен сезімге назар аударта, оның баурау, көңілге ұялату қуатын барынша күшейте түсу рөлін ойнаумен бірге, жырлар шоғырының поэзиялық сипатын тіпті де айшықтай түседі.

Шешендік арнау мен шешендік дана сөз. Ежелгі түркі бітіктас жырларының өң бойында шешендік арнау біршама мол болып, онда түріктің барша ел-жұртына арналған үндеу, өсиет көп рет қайталанып баяндалып отырады. Бұл шешендік арнаулардағы ой-толғам, күшті де әсерлі сезім көбінде сыртқы құрылымы біркелкі, ыңғайлас параллель сөйлемдер арқылы жарлай, сұрай арнау формасында беріледі. Сөйтіп, ой мен сезімге әсемдік пен әсерлік дарытады. Шешендік арнаулар ішінде сұрай арнаулар ой-сезім тереңдігі, образдылығы, әсерлілігі арқылы ерекше көзге түседі. Мысалы, жырлар шоғырының ата-бабаның ұлы еңбектері жайлы тарихи жыр бөлімінде, түркі халқының ішкі және сыртқы себептерге байланысты елдігінен, қағандығынан айрылып, құл болған, күң болған, сенделіп сергелденге түскен тұстағы ашты зары былайша толғанады: *«Түріктің күллі қара халқы былай деген екен: Елді халық едім, елім енді қайда?! Кімге ел құрғызамын?! — десіпті. Қағанды халық едім, қағаным қайда?! Қай қағанға ісімді, күшімді беремін, — десіпті (turk qara qamaу bodun anča timiš: illig bodun ärtim, ilim amtı qanı? kimkä ilig qazıyanur män? tir ärmiš. qağanlıy bodun ärtim, qağanım qanı? nä qağanqa işig kücüg birür män? tir ärmiš)».* Ал, жырлар шоғырының тарихи тұлға жайлы батырлық-ерлік жыр бөлімінде түркі халқының тағы да сергелденге түсуінің себебі: *«(Солдай болмаса) жсарақты (жау) қайдан келіп айдап кетеді? Сүңгілі (жау) қайдан келіп қуып кетеді? (yañıqlıy qantan kälip yaña älti? sünjüglüg qantan kälipän sürä älti?)»* деп образдай толғанады. Демек, жырлар шоғырындағы бұл сияқты шешендік арнауларда қойылған сұрақтарға ешкімнің жауап беруі қажетсіз, өйткені олар ешқандай жауапсыз-ақ түсінікті, арнаудың өн-бойында ол сұрақтардың жауабы өзінен-өзі анықталып, көрініп тұрады.

Шешендік дәстүр — түркі халықтарының ауыз әдебиетінде өте ертеде қалыптасып, барынша дамыған фольклорлық сөз өнері. Ол ғасырлар бойы халықтың ой-пікір білдірудегі рухани сұранысын ғана емес, тіл өнеріндегі эстетикалық сұранысын да қанағаттандырып келген. Сондықтан онда тіл өткірлігі, сұлулығы, дәстүр жалғастығы аса күшті болған. «Ежелгі түркі бітіктас жырлары фольклорлық сөз өнеріндегі бұл халықтық дәстүрді аса ұтымды пайдалана отырып, поэтикалық ойдың ығына қарай, бірде ғибраттылық мәні бар, өнегелі ақыл-нақыл сөздер айтса, енді бірде дидактикалық ой-тұжырымы бар, философиялық қорытындылар айтады» [6; 124]. Сөйтіп, айырықша тапқырлық, асқан суреткерлік танытады. Жырлар шоғырындағы шешендік дана сөздер көбінде, мақал-мәтел сипатында, ұйқасқа, өлшемге, ырғаққа құрылған параллель немесе шендестіру түрінде келеді. Мына мысалдар бұл айтқандарымызды дәлелдеп бере алады: «*Уақыт — Тәңір ісі, адам баласының бәрі де өлмекке жаралған (öd tәңri yasar, kiři oyli qor ölgäli tögümiš)*». Бұл мысалда өмір мен өлім жайлы философиялық тұжырым баяндалса, ал «*Арық бұқа, семіз бұқа жырақта болса, қайсысы семіз бұқа, қайсысы арық бұқа екенін парықтауға болмайды (turuq buqalı sämiz buqalı іraqda bölsär, sämiz buqa turuq buqa tiyin bilmäz ärmiš)*» дейтін сөйлемде ғибраттылық мәні бар дана толғам баяндалады. «*Жұқаны теспек оңай, жіңішкені үзбек оңай; Жұқа қалың болса, теспек қиын, жіңішке жуан болса, үзбек қиын (yuuqa әrikli, topulyalı uçuz ärmiš. yinčgä әrikli, üzgäli uçuz. yuuqa qalın bolsar, topulyuluу alp әrmiš. yinčgä yoуun bolsar, üzgälik alp әrmiš)*» дейтін сөйлемде кереғар құбылыстарды шендестіре қарама-қарсы қойып баяндау арқылы үлкен философиялық қорытынды жасалады. Бұндай дана сөздер жырлар шоғырынан көптеп кезігеді.

Қорытып айтқанда, ежелгі түркі бітіктас жырлары бағы замандардан келе жатқан фольклорлық поэтикалық сөз өнеріне мұрагерлік етіп, оның халықтық дағдылы нормаларын, ажарлау, айшықтау, құбылту қатарлы көркемдік дәстүрін сақтай отырып, оның бойындағы барлық сұлулықты төкпей-шашпай асқан шеберлікпен ұтымды пайдаланумен бірге, енді ғана пайда болған кітаби жазба әдебиеттегі сөз өнерінің соны үлгісін тыңнан жаратқан. Оны кейінгі түркі әдебиетінің дамуына негіз етіп, болашаққа қалдырған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Мектеп, 1976. — 374 б.
- 2 Гың Шы Мин. Ежелгі түркі тіліндегі құлпытастар. — Пекин: Орталық ұлттар ун-тінің баспасы, 2005. — 208 б.
- 3 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнектері. — Алматы: Санат, 1995. — 210 б.
- 4 Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. — Алматы: Білім, 2008. — 409 б.
- 5 Әдебиеттану терминдер сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 240 б.
- 6 Кірішкібаев А. Қазақ әдебиетінің тарихы. — 2-б. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1998. — 410 б.

У.Жетібайұлы, Ж.Смағұлов

Поэтическое искусство слова в древнетюркских поэмах-жырах

В статье исследована сущность поэтического искусства слова в древнетюркских поэмах-жырах, написанных на каменных памятниках. Рассмотрены поэтическая функция лексических единств и способы преобразования слов в художественном мире жывров. Произведен сопоставительный анализ образной характеристики словесного искусства, конкретного и образного представления поэтической мысли и чувств в древнетюркских жырах.

U.Zhetibayuly, Zh.Smagulov

Poetic arts of the word in the ancient Turkic poems-zhyr

As the main object of consideration in article research of essence of poetic art of the word in the ancient Turkic the poems-zhyr written on stone monuments is taken. Poetic function of lexical unities and ways of transformation of words in creation of the literary art world in texts of fats are considered. With a support on it the comparative analysis of the figurative characteristic of verbal art, concrete and figurative representation of poetic thought and feelings.

References

- 1 Kabdolov Z. *Art of the word*, Almaty: Mektep, 1976, 374 p.
- 2 Gyn Shy Min. *Gravestone monument old-tyurk language*, Beijing: University of the central nations, 2005, 208 p.
- 3 Syzdykova R. *Word of expression of Abay*, Almaty: Sanat, 1995, 210 p.
- 4 Ensegenuly T. *Ancient Turkic runic record of poetry*, Almaty: Bilim, 2008, 409 p.
- 5 *Dictionary of terms of literary criticism*, Almaty: Ana tili, 1996, 240 p.
- 6 Kirshikbayev A. *History of the Kazakh literature*, 2, Urumqi: Shinzha national publ., 1998, 410 p.

Репозиторий Қарғу